

"Қосымша айырым эмблемасын қабылдауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына қосымша хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 қазандағы N 928 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қосымша айырым эмблемасын қабылдауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына қосымша хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

**Қосымша айырым эмблемасын қабылдауға қатысты
1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына
қосымша хаттаманы ратификациялау туралы**

2005 жылғы 8 желтоқсанда Женевада қол қойылған Қосымша айырым эмблемасын қабылдауға қатысты 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына қосымша хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Қосымша айырым эмблемасын қабылдауға қатысты
1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына
қосымша хаттама**

(III Хаттама)

Кіріспе

Жоғары Уағдаласушы Тараптар,

(§1) 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенцияларына (атап айтқанда Бірінші Женева конвенциясының 26, 38, 42 және 44-баптарының) және тиісті жағдайларда оларға 1977 жылғы 8 маусымдағы Қосымша хаттамалардың (атап айтқанда I Қосымша хаттаманың 18 және 38-баптарының және II Қосымша хаттаманың 12-бабының) айырым эмблемаларын пайдалануға қатысты ережелерін растай отырып,

(§2) жоғарыда аталған ережелерді оларды қорғау құндылығын және жан-жақты сипатын күшейту мақсатында толықтыруға ниет білдіре отырып,

(§3) осы Хаттаманың Женева конвенцияларына және тиісті жағдайларда оларға

Қосымша хаттамаларға сәйкес өз міндеттемелеріне сәйкес оларды пайдаланатын эмблемаларды Жоғары Уағдаласушы Тараптардың пайдалануын жалғастыруға мойындалған құқығына залал келтірмейтінін атай отырып,

(§4) міндеттемелердің Женева конвенцияларының және оларға Қосымша хаттамалардың қорғауында болатын адамдар мен объектілерге құрметпен қарайтынын, халықаралық құқыққа сәйкес оларға қамқорлық көрсететін өздерінің мәртебесінен туындайтынын және айырым эмблемаларын, белгілер немесе дабылдамаларды пайдаланумен байланысты емес екенін еске сала отырып,

(§5) айырым эмблемаларына ешқандай діни, этикалық, нәсілдік, өңірлік немесе саяси мән берілмейтінін атай отырып,

(§6) Женева конвенцияларымен және тиісті жағдайларға оларға Қосымша хаттамалармен мойындалған айырым эмблемаларына қатысты міндеттемелерді толық сақтауды қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше ескере отырып,

(§7) Бірінші Женева конвенциясының 44-бабында эмблемаларды қорғау мақсатында пайдалану мен белгілеу мақсатында оларды пайдаланудың арасындағы айырмашылық жүргізілетінін еске сала отырып,

(§8) сондай-ақ басқа мемлекеттің аумағында қызметті жүзеге асыратын ұлттық қоғамдар осы қызмет шеңберінде пайдалануға ниеттенген эмблемалар осы қызмет жүзеге асырылатын елде, сондай-ақ өтетін елде немесе елдерде пайдаланылуға болатынына көз жеткізе отырып,

(§9) қолда бар айрықша эмблемаларды пайдаланған кезде кейбір мемлекеттер мен ұлттық қоғамдар алдында туындауы мүмкін қиындықтарды мойындай отырып,

(§10) Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің, Қызыл Крест пен Қызыл Жарты ай қоғамдарының Халықаралық Федерациясының және Қызыл Крест пен Қызыл Жарты ай халықаралық қозғалысының осы уақытқа дейін олардың пайдаланып жүрген атаулары мен эмблемаларын сақтау туралы шешімін ескере отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Осы Хаттаманы сақтау және қолдану саласы

1. Жоғары Уағдаласушы Тараптар осы Хаттаманы сақтауға және кез келген жағдайларда оның сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Осы Хаттама 1949 жылғы 12 тамыздағы төрт Женева конвенцияларының ("Женева конвенциялары") және тиісті жағдайларда 1977 жылғы 8 маусымдағы оларға екі Қосымша хаттаманың ("1977 жылғы Қосымша хаттамалар") айырым эмблемаларға қатысты, атап айтқанда: қызыл крестке, қызыл жарты айға, қызыл арыстан мен күнге қатысты ережелерді растайды және толықтырады және осындай жағдайларда осы ережелер сияқты жағдайларда қолданылады.

2 - б а п

Айырым эмблемалары

1. Осы Хаттама Женева конвенцияларының айырым эмблемалармен қатар қосымша айырым эмблеманы және сондай мақсаттармен қатар мойындайды. Айырым эмблемалары бірдей мәртебені пайдаланады.

2. Ақ түсті негізде өз шаршысының бір ұшымен тұрған нысандағы қызыл жиектен тұратын осы айырым эмблемасы осы Хаттамаға Қосымшаға орналастырылған бейнемен сәйкес келеді. Осы Хаттамада осы айырым эмблемасы "үшінші Хаттаманың эмблемасы" деп аталады.

3. Үшінші Хаттаманың эмблемасын пайдалану шарттары мен оны құрметтеу Женева конвенцияларымен және тиісті жағдайларда 1977 жылғы Қосымша хаттамалармен айқындалатын айырым эмблемаларына қолданылатын талаптарға ұқсас келеді.

4. Жоғары Уағдаласушы Тараптар қарулы күштерінің медициналық қызметтері және рухани персоналы егер олардың қорғалуын күшейтетін болса, осы кезде қолданатын эмблемаларға залал келтірмей, осы баптың 1-тармағында көрсетілген кез келген айырым эмблемаларын уақытша пайдалана алады.

3 - б а п

Белгілеу мақсатында үшінші Хаттаманың эмблемасын пайдалану

1. Үшінші Хаттаманың эмблемасын пайдалану шешімін қабылдайтын осы Жоғары Уағдаласушы Тараптардың ұлттық қоғамдары эмблеманы пайдаланған кезде тиісті ұлттық заңнамаға сәйкес белгілеу мақсатында мыналарды оған қоса алады:

а) Женева конвенцияларымен мойындалған айырым эмблемаларының біреуін немесе осы эмблемалардың комбинациясын, не

б) осы немесе өзге Жоғары Уағдаласушы Тараптар нақты қолданып жүрген және басқа Жоғары Уағдаласушы Тараптарға және Халықаралық Қызыл Крест Комитетіне ол туралы осы Хаттаманы қабылдағанға дейін депозитарий арқылы хабарланған басқа эмблеманы енгізе алады.

Осындай енгізу осы Хаттамаға Қосымшада орналастырылған бейнеге сәйкес келуі тиіс.

2. Үшінші Хаттаманың эмблемасына басқа эмблеманы енгізу туралы шешімді қабылдайтын ұлттық қоғам осы баптың 1-тармағына, ұлттық заңнамаға сәйкес өз мемлекетінің аумағында осы эмблеманы және оның атауын пайдалана алады.

3. Ұлттық қоғамдар ұлттық заңнамаға сәйкес ерекше жағдайларда және өз жұмысын жеңілдету үшін осы Хаттаманың 2-бабында көрсетілген айырым эмблемасын уақытша пайдалануы мүмкін.

4. Осы бап Женева конвенцияларымен және осы Хаттамамен мойындалған айырым эмблемаларының құқықтық мәртебесін қозғамайды, сондай-ақ осы баптың 1-тармағына сәйкес белгілеу мақсатында үшінші Хаттаманың эмблемасына енгізілген кез келген нақты эмблеманың құқықтық мәртебесін қозғамайды.

4 - б а п

Халықаралық Қызыл Крест Комитеті және Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамдарының Халықаралық Федерациясы

Халықаралық Қызыл Крест Комитеті және Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамдарының Халықаралық Федерациясы және оларға тиісті уәкілетті қызметкерлері ерекше жағдайларда және өз жұмысын жеңілдету үшін осы Хаттаманың 2-бабында айтылған айырым эмблемасын пайдалана алады.

5 - б а п

Біріккен Ұлттар Ұйымының саясында өткізілетін операциялар

Біріккен Ұлттар ұйымының саясында өткізілетін операцияларға қатысатын медициналық қызметтер мен рухани персонал оларға қатысушы мемлекеттердің келісімімен 1 және 2-бапта айтылған айырым эмблемаларының біреуін пайдалануы мүмкін.

6 - б а п

Эмблемаларды заңсыз пайдаланудың алдын алу және оның жолын кесу

1. Женева конвенцияларының және ерекше жағдайларда 1977 жылғы Қосымша хаттамалардың айырым эмблемаларын заңсыз пайдаланудың алдын алу және жолын кесуге қатысты ережелері үшінші Хаттаманың эмблемасына тең түрде қолданылады. Атап айтқанда, Жоғары Уағдаласушы Тараптар 1 және 2-баптарда айтылған айырым эмблемаларын және олардың атауларын кез келген уақытта заңсыз пайдаланудың және опасыз мақсатқа пайдалану мен оларға ұқсас болып табылатын кез келген белгілер мен атауларды пайдаланудың алдын алу және жолын кесу үшін қажетті шаралар қ а б ы л д а й д ы .

2. Осы белгіні қарулы қақтығыс кезінде Женева конвенцияларында және тиісті жағдайларда 1977 жылғы Қосымша хаттамаларда көзделген қорғауды осындай пайдалану құқығына осы Хаттаманы қабылдағанға дейін қол жеткізген жағдайда ғана осы баптың 1-тармағының ережелерінен басқа Жоғары Уағдаласушы Тараптар бұрын үшінші Хаттаманың эмблемасын немесе оған ұқсас кез келген өзге де белгіні пайдаланғандарға осы эмблемаларды пайдалануға рұқсат берілуі мүмкін.

7 - б а п

Ақпарат тарату

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өз елдерінде осы Хаттаманы бейбіт уақытта сияқты қарулы жанжал уақытында да мүмкіндігінше кең түрде таратуға, атап айтқанда оны зерделеуді әскери даярлық бағдарламаларына қосуға міндеттенеді.

8 - б а п

Қол қою

Осы Хаттама қол қою үшін Женева конвенцияларының қатысушылары арқылы оны қабылдаған күні ашық болады және он екі ай мерзім ішінде ашық болып қалатын болады.

9 - б а п

Ратификация

Осы Хаттама мүмкіндігінше қысқа мерзімде ратификациялануы тиіс. Ратификациялық грамоталар Швейцария Федералдық Кеңесіне, Женева конвенциясының және 1977 жылғы Қосымша хаттамалардың депозитарийге сақтауға тапсырылады.

1 0 - б а п

Қосылу

Осы Хаттама Женева конвенцияларының, оған қол қоймаған кез келген қатысушысына қосылу үшін ашық. Қосылу туралы құжаттар депозитарийге сақтауға тапсырылады.

1 1 - б а п

Күшіне ену

1. Осы Хаттама екі ратификациялық грамотаны немесе қосылу туралы құжаттарды сақтауға тапсырғаннан кейін алты ай өткеннен кейін күшіне енеді.

2. Осы хаттаманы ратификациялайтын немесе кейіннен оған қосылатын Женева конвенцияларының әрбір қатысушысы үшін ол осы қатысушының ратификациялық грамотасын немесе қосылу туралы құжаттарды тапсырған күнінен бастап алты айдан кейін күшіне енеді.

1 2 - б а п

Осы Хаттаманың күшіне енгеннен кейінгі уағдаластық қатынастар

1. Егер Женева конвенцияларының қатысушылары осы хаттаманың да қатысушылары болып табылса, Конвенциялар осы Хаттамамен енгізілген толықтырулармен қолданылады.

2. Егер жанжалда болатын Тараптардың бірі осы Хаттамамен байланысы болмаса, соңғысы тараптар - олардың өзара қарым-қатынастарындағы Хаттамаға қатысушы үшін міндетті болып табылады. Одан басқа осы Хаттама, егер соңғысы оның ережелерін мойындаса және қолданса, әрбір тарапқа қатысушына қарай олар үшін міндетті болып табылады.

1 3 - б а п

Түзетулер

1. Кез келген Жоғары Уағдаласушы Тараптар осы хаттамаға түзетулер ұсына алады. Ұсынылған кез келген түзетудің мәтіні барлық Жоғары Уағдаласушы Тараптармен, Халықаралық Қызыл Крест Комитетімен және Қызыл Крест және Қызыл Жарты ай қоғамдарының Халықаралық Федерациясымен консультация жасағаннан кейін ұсынылған түзетуді қарау үшін конференцияны шақыруға болатыны туралы шешім қабылдайтын депозитарийге жолданады.

2. Депозитарий барлық Жоғары Уағдаласушы Тараптарды, сондай-ақ Женева конвенцияларының Қатысушыларын олардың осы Хаттамаға қол қойған, қоймағанына қарамастан, осы конференцияға шақырады.

1 4 - б а п

Күшін жою

1. Егер Жоғары Уағдаласушы Тарап осы Хаттаманың күшін жоятын болса, күшін жою туралы құжатты алғаннан кейін бір жыл өткеннен кейін ғана күшіне енеді. Алайда, егер бір жыл өткенше күшін жою туралы өтініш беретін тарап қарулы жанжал немесе жаулап алу жағдайына ұшыраса, күшін жою қарулы жанжал немесе жаулап алу аяқталғанға дейін күшіне енбейді.

2. Күшін жою туралы хабарлама оны барлық Жоғары Уағдаласушы Тараптарға тарататын депозитарийге жазбаша түрде жолданады.

3. Күшін жоюдың тек күшін жою туралы өтініш жасаған тарапқа ғана қатысты күші бар.

4. 1-тармаққа сәйкес ешқандай күшін жою туралы өтініш берген тараптың осы Хаттамаға сәйкес қарулы қақтығыспен немесе жауап алумен байланысты өз мойнынан алған міндеттемелерді қозғамайды.

1 5 - б а п

Хабарлама

Депозитарий Жоғары Уағдаласушы Тараптарды, сондай-ақ Женева конвенцияларының қатысушыларын олардың осы Хаттамаға қол қойған, қоймағанына қарамастан, хабардар етеді:

а) осы Хаттаманың астына қойылған қолдар және 8, 9 және 10-баптарға сәйкес ратификациялық грамоталар мен қосылу туралы құжаттарды сақтауға беру туралы;

б) 11-бапқа сәйкес оның күшіне енген сәтінен бастап 10 күн ішінде осы Хаттаманың күшіне енген күні туралы;

с) 13-бапқа сәйкес ұсынылған түзетулер туралы;

д) 14-бапқа сәйкес күшін жою туралы өтініш туралы.

1 6 - б а п

Тіркеу

1. Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін депозитарий Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығына тіркеу және жариялау үшін жолдайды.

2. Депозитарий олардың барлық алған ратификациялық грамоталары, қосылу туралы құжаттар мен осы Хаттамаға қатысты күшін жою туралы өтініштер туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығын хабардар етеді.

1 7 - б а п

Барабар мәтіндер

Осы Хаттаманың түпнұсқасы, оған барабар болып табылатын ағылшын, араб, испан, орыс және француз мәтіндері Женева конвенцияларының барлық қатысушыларына оның расталған көшірмесін жолдайтын депозитарийге сақтау үшін тапсырылады.

ҚОСЫМША

ҮШІНШІ ХАТТАМАНЫҢ ЭМБЛЕМАСЫ

(Хаттаманың 2-бабы 2-тармағы мен 3-баптың 1-тармағы)

1 - б а п - А й ы р ы м э м б л е м а с ы

РҚАО-ның ескертуі: Эмблеманы қағаз мәтінінен қараңыз

2-бап - Белгілеу үшін үшінші Хаттаманың эмблемасын пайдалану

РҚАО-ның ескертуі: Эмблеманы қағаз мәтінінен қараңыз

3-бапқа с ә й к е с б а с қ а э м б е л м а н ы е н г і з у

РҚАО-ның ескертуі: Эмблеманы қағаз мәтінінен қараңыз